



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ**

**«ҚАЗГИДРОМЕТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**2026 жылғы АҚШАН бойынша  
Қазақстан аумағы климатының  
ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГІ**

*Қазақстан аумағындағы ауаның орташа айлық температураның және  
айлық атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Астана 2026

## ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылғы ақпан айында ауа температурасының орташа айлық көрсеткіші **климаттық нормадан 2,54 °С-қа жоғары болды.**
- Ақпан айы Қазақстан аумағы бойынша орта есеппен **рекордтық деңгейде ылғалды болды**, айлық жауын-шашын мөлшері норманың 179,8 % құрады немесе көпжылдық орташа мәннен 16,63 мм-ге жоғары болды.
- Ауа температурасының **рекордтық** мәндері Қазақстанның **жиырма төрт метеостанциясында** тіркелді.
- Қазақстанның **он алты метеостанциясында айлық жауын-шашын мөлшерінің жаңа ең жоғары** көрсеткіштері тіркелді.

*Шығарылымға жауапты:*

*С. Сағиев – F3O K3B жетекші ғылыми қызметкері*

*Е. Аманулла – F3O K3B жетекші ғылыми қызметкері*


## ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

**2026 жылдың ақпан айындағы** орташа айлық ауа температурасының аномалиясы  $+2,54\text{ }^{\circ}\text{C}$  болды. Мұндай аномалиялар қарастырылып отырған бақылау кезеңінде бірнеше рет байқалған.

Зерттеліп отырған кезеңнің алғашқы жартысында (1940–1980 жж.) теріс аномалиялар басым болды, олардың мәні кей жағдайда  $-3\text{ }^{\circ}\text{C}$ -тан да асып отырды. Бұл ХХ ғасырдың ортасында ақпан айының климаттық жағдайларының салыстырмалы түрде суық болғанын көрсетеді.

1980-жылдардың соңы -1990-жылдардың басынан бастап температураның оң аномалияларының қайталану жиілігінің артуы байқалады. Дегенмен жекелеген жылдары теріс ауытқулар да тіркеліп отыр. 2020-жылдардан бастап оң аномалиялар жиірек байқалып, олардың қарқындылығы да күшейе түсті.

Ұсынылған иллюстрация ақпан айындағы ауа температурасының оң аномалияларының қайталану жиілігінің артқанын көрсетеді және соңғы онжылдықтардағы жылыну үрдісін айқындайды (1-сурет).



*1-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жылдық ауа температурасының ақпан айындағы ( $^{\circ}\text{C}$ ) ауытқуларының уақыттық қатарлары.*

*Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базальқ кезеңге қатысты есептелген.*


Ақпан айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа температурасының оң аномалиясы байқалды (2-сурет). Ең жоғары оң аномалиялар ( $4-7\text{ }^{\circ}\text{C}$ ) елдің оңтүстік, оңтүстік-шығыс және кейбір орталық аймақтарында тіркелді. Бұл

өңірлердегі көрсеткіштер 96–100 % градациясына жатады, яғни экстремалды жылы жағдайды білдіреді.

Ауа температурасының ең жоғары оң аномалиясы  $+7,1^{\circ}\text{C}$  Түркістан облысындағы Қазығұрт метеостанциясында тіркелді. Жалпы алғанда, Қазақстанның 24 метеостанциясында ауа температурасының рекордтық жоғары мәндері байқалды (1-кесте).

Климаттық нормаға жақын ауа температурасы Батыс Қазақстан облысының басым бөлігінде, сондай-ақ елдің солтүстік аймақтарында, соның ішінде Ақмола, Павлодар облыстарының және Абай облысының едәуір бөлігінде байқалды.

Ауа температурасының теріс аномалиялары елдің батысы мен солтүстігінің жекелеген аудандарында тіркелді. Ең төменгі аномалия  $-2,3^{\circ}\text{C}$  болып, Батыс Қазақстан облысындағы Жәнібек метеостанциясында байқалды.



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы ақпан айындағы орташа айлық ауа температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ ) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

1-кесте. 2026 жылғы ақпан айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері.

№	Метеостанция	Облыс	Ауа температурасының жаңа ең жоғары мәні, °С	Ауа температурасының бұрынғы орташа айлық рекорды, °С
1	Алматы ОГМС	Алматы	2,4	1,8 (2006 ж.)
2	Шелек	Алматы	2,2	2,0 (2021 ж.)
3	Ұзынағаш	Алматы	0,1	-0,1 (2006 ж.)
4	Жалаңаш	Алматы	-1,1	-1,4 (1960 ж.)
5	Кеген	Алматы	-2,7	-3,5 (2021 ж.)
6	Үлкен Алматы өз.	Алматы	-2,9	-3,3 (1999 ж.)
7	Нарынқол	Алматы	-4,5	-4,7 (2007 ж.)
8	Мыңжылқы	Алматы	-5,6	-5,7 (1999 ж.)
9	Жетісай	Түркістан	8,8	7,4 (1999 ж.)
10	Қазығұрт	Түркістан	8,6	6,4 (1999 ж.)
11	Шымкент	Түркістан	7,8	6,4 (1963 ж.)
12	Шардара	Түркістан	7,5	6,5 (1999 ж.)
13	Арыс	Түркістан	7,1	5,9 (1999 ж.)
14	Түркістан	Түркістан	6,4	5,0 (2004 ж.)
15	Тұрара Рыскулова аулы	Түркістан	6,1	5,4 (1953 ж.)
16	Қызылқұм	Түркістан	5,7	5,5 (1999 ж.)
17	Тасарық	Түркістан	5,4	4,3 (1963 ж.)
18	Тараз	Жамбыл	3,9	3,8 (1999 ж.)
19	Құлан	Жамбыл	3,4	2,7 (1999 ж.)
20	Төле би	Жамбыл	2,5	2,4 (1999 ж.)
21	Жаркент	Жетісу	1,8	1,2 (2006 ж.)
22	Сарыөзек	Жетісу	-0,6	-0,9 (2021 ж.)
23	Қоғалы	Жетісу	-2,2	-3,0 (1999 ж.)
24	Лепси	Жетісу	-6,4	-7,9 (2007 ж.)


## АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

**2026 жылдың ақпан айында** атмосфералық жауын-шашынның жылдық жүрісінде климаттық нормадан жоғары мөлшер тіркелді. Айлық жауын-шашынның орташа жиынтығы 16,63 мм болды.

Зерттелген кезеңнің бірінші жартысында (1940–1980 жж.) атмосфералық жауын-шашын аномалиялары негізінен теріс аномалиялармен сипатталды.

2000-жылдардан бастап аномалиялардың таралуы оң мәндердің жиі байқалу жағына қарай ығысқаны байқалады (3-сурет).

Зерттеу кезеңі бойында көрсеткіштің теріс те, оң да мәндер бағытында аномалия тұрақты сипатта байқалып отыр.



3-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағындағы ақпан айы бойынша кеңістіктік орташаланған жылдық (%) аномалиялардың уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.


2026 жылғы ақпанда Қазақстан аумағының басым бөлігінде климаттық нормадан жоғары жауын-шашын тіркелді (4-сурет). Дегенмен, батыс аймақтардың көпшілігінде жауын-шашын мөлшері норманың 80 %-ынан аз болды. Айрықша құрғақ аймақ Атырау облысының жағалау аймағы бойымен созылып, бүкіл Маңғыстау облысын қамтыды, мұнда кей жерлерде нормадан 10 % кем жауын-шашын түсті: Кульсары метеостанциясында нормадан – 2 %, Бейнеу метеостанциясында – 9 %. Құрғақшылық сондай-ақ Ақтөбе облысының орталық бөлігінде, Эмба метеостанциясында – нормадан 14 %, Қостанай облысының

Амангелді метеостанциясында – 66 %, сондай-ақ Жамбыл облысының Кордай метеостанциясында – 74 % норманы құрады.

Нормадан 120 % жоғары жауын-шашын елдің әртүрлі аймақтарында байқалды. Ақтөбе облысының шығысында максимум норманың 154 %, елдің солтүстік бөлігінде – 216 % болды. Павлодар облысының басым бөлігін, сондай-ақ Қарағанды облысының кейбір аудандарын және Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын қамтитын үлкен аймақта жауын-шашын мөлшері норманың 122–260 % аралығында болды. Елдің шығыс бөлігінде жауын-шашын норманың 123–248 % аралығында болып, кей жерлерде Зайсан метеостанциясында 374 %-ға дейін жетті.

Елдің оңтүстігінде жауын-шашынның мол мөлшері байқалды, кей жерлерде оның мөлшері нормадан 300 % асты (ең үлкен мән – Қызылорда облысындағы Қазалы метеостанциясында 436 %). Айлық жауын-шашынның ең үлкен жиынтығы (202,5 мм) Түркістан облысы, Ащысай метеостанциясында тіркелді, бұл бұрынғы рекордтық мән 171,8 мм 1989 жылғы деңгейінен жоғары.

41 метеостанция деректері бойынша жауын-шашын мөлшері экстремалды ылғалды болды. Сонымен қатар, 16 метеостанцияда айлық жауын-шашын мөлшерінің жаңа максималды мәндері тіркелді (2 кесте).



4-сурет. 2026 жылғы ақпандағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

2-кесте. 2026 жылғы ақпан айындағы айлық атмосфералық жауын-шашынның максималды рекордтық мәндері.

№	Метеостанция	Облыс	Айлық атмосфералық жауын-шашынның жаңа рекорды, мм	Айлық атмосфералық жауын-шашынның бұрынғы рекорды, мм
1	Үлкен Алматы өз.	Алматы	127,2	84,1 (1973 ж.)
2	Мыңжылқы	Алматы	106,1	58,0 (2009 ж.)
3	Есик	Алматы	101,4	91,7 (2010 ж.)
4	Алматы кам.пл	Алматы	85,7	83,1 (1973 ж.)
5	Ұзынағаш	Алматы	70,1	56,3 (1973 ж.)
6	Алматы ОГМС	Алматы	69,3	69,2 (2020 ж.)
7	Ақсеңгир	Алматы	56,9	56,4 (2010 ж.)
8	Кеген	Алматы	37,6	23,8 (2018 ж.)
9	Тараз	Жамбыл	107	106,8 (1993 ж.)
10	Құлан	Жамбыл	81,9	59,9 (1996 ж.)
11	Қызылорда	Қызылорда	51,0	47,5 (2003 ж.)
12	Қазалы	Қызылорда	48,0	37,4 (1956 ж.)
13	Сарышаған	Қарағанды	27,5	24,2 (2023 ж.)
14	Ащысай	Түркістан	202,5	171,8 (1989 ж.)
15	Астана	Ақмола	46,8	44,8 (2020 ж.)
16	Зайсан	Шығыс Қазақстан	48,6	47,8 (2021 ж.)